

Есекжем

Есекжем

Есекжем (urticaria) – теріде және шырышты қабатта кенеттен қызарып, күлдіреп, қышымалы бөртпелер түрінде болатын аллергиялық ауру.



ЭТИОЛОГИЯСЫ

Әсер ететін факторлар:

1. Тағамдық заттар (цитрустар, жұмыртқа, құлпынай, шоколад, бал және т.б.)
2. Дәрі-дәрмектік (антибиотиктер, сульфаниламидті препараттар, вакциналар және т.б.)
3. Тұқым қуалаушылық.



Патогенезі

Жедел есекжем



Жедел түрінде – ауру кенеттен басталып бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін болады. Кейін ауру белгілері тез жойылып кетеді.

Созылмалы есекжем



Созылмалы түрі – мезгіл сайын қайталайтын кейде бірнеше айға немесе 20-30жылға созылатын ауру. Анық ағымы толқын тәрізді болады. Мұндай кезде ауру кенеттен басталып дененің әр түрлі жерінде көлемі мен пішіні әр түрлі бөртпелер пайда болып қышиды. Науқастың дене қызуы көтеріліп басы ауырады.

Клиникасы

Науқас шағымы:

- Дененің қышуы
- Қызаруы ісінуі
- Әртүрлі көлемдегі бөртпелер п.б.
- Дене қызуы 38-39
- Бас ауруы
- Әлсіздік
- Мазасыздық



Емі

- Гипоаллергиялық диета.
- Аллергия тудыратын тағамдарды, ащы және сүрленген тағамдарды шектеу.
- Қышыманы басу үшін салқын компресс, жылы ванна қолдану, теріге спирттік ерітінділер (қырмызыгүл, 2%-тік салицил, арақ, т.б.) жағу.
- Тамақтың немесе дәрі-дәрмектің әсерінен болған Есекжемде ең алдымен клизмамен ішті тазалап, көп мөлшерде су ішкізу қажет.